

М.Т. Отыншиева¹, Л.С. Сырымбетова¹, Н. Станчу²

¹Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан;

²Белград университеті, Сербия
(E-mail: Tolgandievna_1982@mail.ru)

Дифференциалды оқыту – үлгермеушілікті жою мақсатында жүргізілетін оқытудың өзіндік түрі

Мақалада «дифференциалды оқыту» туралы түсінікке анықтама беріліп, оның түрлері мен формаларына талдау жүргізілді. Оқытудың бұл түріне қатысты пікірлер мен көзқарастарды зерттеуге бағытталған алыс және жақын шетелдік, сондай-ақ отандық ғылыми әдебиеттерге сараптамалық шолу жасалды. Бірқатар зерттеулерге салыстырмалы талдау жасай отырып, мұғалімдердің дифференциалды оқыту мәселесіндегі ұстанымдарына, тұжырымдамаларына сараптамалар жасалды. Дифференциалды оқытуды жүзеге асыру үшін жүйелі түрде білім алушыларға күрделілігі әртүрлі жұмыстарды жүргізуге, мұғалімдермен пікір алысып, білім алушының өзімен сырласуы, ата-ананы одақтас етіп, ынтымақтастықты арттыру істің нәтижелі болуына мүмкіндік жасайтындығы баяндалды. Сонымен бірге талап-тілектеріне сай қосымша уақыт бөліп, бірлесе сынақ-тәжірибелер жасау, бірлесе жасалатын жұмыстар даярлауда көмекке шақыру, көрнекі көрсетілетін тәжірибелерді жасауда жәрдемдесу, біріге еңбек ету – бұл дифференциалды оқытудың маңызды міндеті болып табылатыны туралы айтылды.

Кілт сөздер: дифференциация, дифференциалды оқыту, саралап-деңгейлеп оқыту, жеке даралау, ішкі және сыртқы дифференциация, деңгей, оқу үрдісі, қабілет, жаңа технология.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында: «Қазақ тілінің басымдығы сақталады. Оның әрі қарай дамуына зор көңіл бөлінеді. Сонымен қатар бүгінде ағылшын тілі – жаңа технология, жаңа индустрия, жаңа экономика тілі. Қазіргі кезде ақпарат 90 % ағылшын тілінде жарияланады. Әрбір екі жыл сайын олардың көлемі 2 есе ұлғайып отырады. Ағылшын тілін меңгермей, Қазақстан жалпы ұлттық прогреске жете алмайды. 2019 жылдан бастап 10–11 сыныптарда кейбір пәндерді ағылшын тілінде оқытатын боламыз. Бұл мәселені тиянақты ойланып, ақылмен шешу қажет», — деді Елбасы [1]. Сондай-ақ кез келген елдегі білім беру жүйесі ұлттық мәдениеттің және танымның көрсеткіші ретінде экономика, саясат, мәдениет салаларындағы өзгерістерге де әсер ететіні анық. Білім бүкіл әлемде тұлғаның әлеуметтік-экономикалық үдеріске тиімді қатысуын қамтамасыз ететін негізгі фактор болып саналады. Сондай-ақ мектептер мен мұғалімдердің деңгейі, әсіресе ауыл мен қалада әртүрлі. Білікті педагогтардың жетіспеу проблемасы да бар. Сондықтан осының барлығын ескеріп, ағылшын тілін кезең-кезеңмен енгізуі керектігін ескертті [2].

Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі білім алушыға оқу қызметінің субъектісі ретінде, өзін-өзі өзектілендіруге, танытуға ұмтылатын дамушы тұлға ретінде бағытталған. Мұндай жағдайда педагогикалық процестің маңызды құрамы оқу ісіндегі субъектілер – білім алушыға тұлғалық бағытталған өзара әрекеті болып табылады. Қазіргі таңдағы егеменді еліміздің болашағы дарынды, білімді, ізденімпаз, ағылшын тілін жетік меңгерген жастарға байланысты. Осыған орай бүгінгі күні оқу орындарының алдында тұрған басты міндет – өзіндік айтар ой-пікірі бар, жоғары сапалы, белсенді, үш тілді меңгерген мамандар тәрбиелеп шығару. Сондықтан жоғары оқу орындарында шетел тілін оқыту үдерісі жаңа көрініс табуда. Нәтижесінде шетел тілін жақсы меңгерген, сол тілде ғылым мен техниканы, жаңа технологияны түсінетін, әлемдегі жаңалықтар мен тенденциялардан хабары бар, кәсіби шетелдік серіктестермен байланыс орната алатын, шетелдік әріптестермен қарым-қатынас жасайтын, сондай-ақ шетел мамандарының еңбектерін оқу арқылы кәсіби құзыреттілік деңгейін көтерген маман даярлануы шарт. Жас мамандар осындай аспектілерді жүзеге асыру мүмкіндігіне ие болуы керек. Басқаша айтқанда, шетел тілдерін оқыту университетте айқын болуы тиіс. Студенттерге шетел тілін оқыту кәсіби бағытта жүргізілуі тиіс. Курс соңында білім алушыда экономика мен қоғамды одан әрі жаһандандыру контекстінде іскерлік қарым-қатынас жасау және шет тіліндегі кәсіби қарым-қатынасты қалыптастыруға бағытталған құзыреттілік пайда болуы қажет [3]. Сондықтан дифференциалды оқыту қазіргі кезде шетел тілін үйретуде қажетті оқытудың бір түрі болып табылады.

Дифференциация түсінігінде (лат. *difference* — бүтіннің әртүрлі бөліктерге, нысандарға, сатыларға, қадамдарға бөлінуі) үш негізгі аспектіні бөліп көрсетуге болады: білім алушылардың жеке қасиеттерін ескеру; осы ерекшеліктерді басшылыққа алып, білім алушыларды топтастыру; оқу үрдісінің топтарда құбылуы. Оқу үрдісін дифференциациялаудың мақсаты — әрбір білім алушыға жалпы білім беру мазмұнын меңгеру үдерісінде өзінің қабілеттерін, мүмкіндіктерін, когнитивті қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыру үшін жағдай жасау [4].

Дифференциалды оқыту — білім алушылардың мүдделерін, бейімділігі мен қабілеттерін ескере отырып, оқытуды саралау және даралау процесі, яғни білім беру процесін ұйымдастыру. Дифференциациялап оқыту жалпы оқыту процесінің құрылымын, мазмұны мен ұйымдастырылуын өзгерту арқылы білім алушылардың қызығушылығын неғұрлым толық ескеруге, олардың қабілетін дамытуға, студенттерге өздерінің кәсіби қызығушылығы мен оқуын жалғастыруға қатысты ұстанған бағыт-бағдарына сәйкес білім беру үшін жағдай туғызуға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда студенттердің жоо-дан ағылшын тілін бірдей деңгейде меңгеріп шығып, бәсекеге қабілетті маман болуы өзекті мәселе және болашақта әлі де өткір болып қала бермек. Ағылшын тілін дифференциалды оқыту тілдік емес мамандық студенттерінің ағылшын тілін бірдей жоғары деңгейде меңгеріп шығуына септігін тигізеді. Бұл оқытудың түрі теория мен практиканың ұштасуы болып табылады. Экономиканың жаһандануы, сондай-ақ шетелдік компаниялар еліміздегі экономиканың құрылымында көрініс табады. Осылайша, еліміздің білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне кірмей-ақ біздің еліміздің білім беру саясатына тиісті өзгерістер енгізеді. Бүгінде білім беруді интернационалдандыру және оның қарқынды реформасы барлық дамыған елдерде шындық болып табылады. Қазақстан Республикасы білімге негізделген қоғамды қалыптастыру үшін білім беру жүйесіндегі үздік әлемдік тәжірибені пайдалана отырып, әлемде болып жатқан өзгерістермен бірге жүреді [5].

Кейінгі кездері Республика көлемінде оқу бағдарламасына көптеген өзгерістер енгізілуде. Атап айтар болсақ: көпдеңгейлі, интеграцияланған және дифференциалды оқыту т.с.с. Осының ішіндегі «дифференциалды оқыту» жайлы аз тәжірибесі бар мұғалімдер оны жүзеге асыра алмайды. Мұның барлығы мұғалімнің теориялық білімінің әлі де аздығынан, қазақ тілінде жазылған көмекші құралдардың болмауынан және бұл тақырыптың әлі де өз деңгейінде зерттеле қоймағандығынан деп ойлаймыз. Бұл жағдайда Республикамыздағы білім берудің жаңа философиясын, теориялық негізін, практикасын насихаттауды қолға алу қажеттігін көрсетеді. Сондықтан дифференциалды оқытуға байланысты әртүрлі болжамдар мен қате түсініктерді сейілту қажет.

XX мыңжылдықтың 20-жж., яғни алғашқы кезеңде, бұл мектеп тәжірибесінде және педагогикалық теорияда дифференциалды оқыту пікірін жүзеге асырудың бастамасы 1922 ж. Дальтон-план бойынша бастау алды. Дальтон-планының көмегімен оқыту процесіне оқушылардың мүмкіндіктерін ескеретін бағдарламалар енгізілді. Оқу бағдарламаларын күрделілік деңгейіне бөлу, нақты пән бойынша нұсқау, оқушылардың жеке ерекшеліктерін анықтау дифференциалды оқыту принципіне жауап берді. Онымен қоса, ол оқушыларды деңгейлік дайындаудың қазіргі талаптарына үндес болды. Кеңестік мектептерде дифференциалды оқытудың алғашқы формасы болып дарынды балаларды айқындау болды. Дарынды балалармен жұмыстың тәжірибесінде әдебиеттер мен әдістемелер болмағандықтан, дифференциалды оқытудың аталған формасы баланың психикасына яғни, тым ашушаң, қызбалы болуына әкелді. Бірақ оның жағымды да жақтары болды, атап айтсақ: үлгерімі нашар және даму жағынан кем балаларды есіркеу және соған байланысты әдістемелер қолданылды.

«Жеке даралау» және «дифференциация» ұғымдарының арасындағы қатынасты түсіндіріп, талдауда әртүрлі жолдар мен бағыттар бар. Мысалы И.Э. Унт жеке даралауды қандай ерекшеліктерге және қаншалықты ескерілетініне қарамастан, барлық әдістер мен жұмыс түрлері оқушылардың жеке қасиеттері үйрету процесінде ескерілетіндігін айтады [6]. Сондықтан дифференциалды оқыту даралаудың басты нұсқаларының бірі ретінде түсініледі. Дидакт М.М. Скаткин, керісінше, дифференциация жалпы тұжырымдама және бұл тұжырымдама өзіне дараландыруды қамтитындығын айтты.

Осы мәселені зерттеуші Л.С. Славина үлгерімі төмен білім алушылардың келесі топтарын анықтайды: 1) оқуға, білім алуға көзқарастары дұрыс емес балалар; 2) материалды баяу, қиындықтармен меңгеру (білім деңгейінің төмендігі); 3) оқу жұмыстарын орындау дағдысы қалыптаспаған балалар; 4) жұмыс істегісі келмейтін балалар; 5) танымдық және білім алу мүдделері жоқ балалар. Зерттеуші балаларды топтарға бөліп, оларға әртүрлі әдістермен білім үйретіп, бір

деңгейге шығару жолдарын қарастырған. 30-жж. Кеңестік үкімет барлық оқу-тәрбие процесінде қатаң тәртіп белгілеуді жою туралы қаулы қабылдады. Барлық орта білім беру мекемелеріндегі оқушыларды жалпы білім беруге дайындауға және толық емес орта мектептер үшін бірыңғай талаптар бекітілді. Бұл жылдарда мектеп қызметінің бірыңғай оқу жоспары бойынша оқу-тәрбие процесін құруға және оқу пәндерінің мазмұнын қалыптастыруға бағытталды. Педагогика ғылымында келешек үшін дифференциалды оқыту пікірін өңдеу жалғасты. Осыған байланысты дифференциалды оқыту пікірін өңдеу білім берудің регламенттік мазмұны негізінде жүзеге асты. Бірақ ғылыми көзқараста дифференциалды оқытудың шекарасын анықтау қажет болды. Осы мәселеге алғаш рет 1946 ж. Н.К. Гончаров назар аударды. Ол дифференциалды оқытудың шекарасын ғылымның екі тобы – табиғат және қоғам негізінде анықтау керек деді [7]. 50-жж. ортасында орта мектепте дифференциалды оқыту бойынша эксперимент жүргізудің дайындық жұмысы басталды. Бұл жұмысты бастаушылар: М.А. Мельников, А.М. Арсеньев, Н.К. Гончаров болды. Дифференциалды оқыту бойынша жүргізілген экспериментті жұмысты ұйымдастырудың негізгі қағидалары келесілер болды: «Мектеп үш бірыңғай міндетті шешу керек, яғни кәсіптік, политехникалық және жалпы білім беру, дифференциацияны жалпы білім берумен шектемеу керек». Үйлесімді бағдарламалар және пәндер циклдері бойынша бөлімдер құрылғанда дифференциалды оқыту басталды. Жалпы білім берудің бірыңғай көлемі сақталды, дифференциация жалпы білім беру пәндерімен бірге арнайы және тәжірибелі өндірістік дайындық пәндерін қамтиды. Осымен кеңестік мектептегі дифференциалды оқыту шет мемлекеттерінің фуракциясынан ерекшеленді, яғни мұнда дифференциация екі бағыт бойынша: математикалық және гуманитарлық болып жүргізілді.

Мектеп тәжірибесіне пәндерді тереңдетіп оқыту бойынша факультативтерді енгізу ниеттерінің негізін эксперименттік тексеруге байланысты жүргізілген жұмысы 50-жж. аяғында дифференциалды оқыту тұжырымдамасын өңдеумен аяқталды. 1966 ж. Кеңес министрінің «Орта жалпы білім беру мектептерінің жұмыстарын әрі қарай жалғастыру» Қаулысы бойынша дифференциалды оқытудың екі формасы енгізілді: тереңдетілген білім, оқушылардың қабілеттерін, қызығушылықтарын, кәсіптік хабарын жан-жақты дамыту. Сонымен, 60–70 жж. мектеп тәжірибесінде оқу үдерісіндегі дифференциацияның келесі түрлері: факультативтік сабақ, арнайы сыныптар және агробиология, физика, есептеу техникасы, математика пәндерін тереңдетіп оқытатын арнайы мектептер пайда болды. Теоретиктердің берген бағасы тәжірибеге факультативтердің енгізілуі дифференциалды оқытудың берілген формаларын орындауда дидактикалық және әдістемелік жағынан толық өңделмегендігін дәлелдеді. Бірақ зерттеудің әртүрлі (әдістемелік, дидактикалық, психологиялық) аспектілерінің қарқынды жүргізілген жұмыстарының нәтижесінде дифференциалды оқытудың аталған формаларын енгізуде жетістіктерге жетті. Сонымен, В.А. Орлов қорытындылай келе, «факультативтер оқушыларда білімнің жоғары деңгейін қалыптастыруда өзінің кең қажеттілігін және өмірлік қабілетін көрсетті», деді. Ал, 70-жж. басында дифференциалды оқытудың тиімді формасы ретінде арнайы мектеп және сынып шегінде пәндерді тереңдетіп оқыту болып табылды. Дифференциалды оқытудың осы формасының кеңінен таралуы үшін қиыншылықтар болды. Кеңестік мектепте дифференциалды оқыту пікірі құрылуының екінші кезеңін, мектептік білім беруді ұйымдастыруда эголитарлық тәсіл контекстінде дифференциалды оқыту пікірінің даму кезеңі деп атауға болады. Ол дифференциалды оқытудың екі формасымен ерекшеленді:

- а) факультативтік сабақтар;
- ә) пәндерді тереңдетіп оқытуда арнайы сыныптарға бөлу.

Осы екі форманың да мақсаты: білімді тереңдету, оқушылардың қабілеттерін, қызығушылықтарын, кәсіптік хабарын жан-жақты дамыту. Дифференциалды оқытудың барлық формаларын ұйымдастырудағы жетістіктер негізінен оқушылардың типологиялық ерекшеліктеріне ғана бағытталған еді, ал оқушылардың жеке ерекшеліктері толығымен ескерілмеді. 1990 жж. басы дифференциалды оқыту тұжырымдамасы және жаңа пікірлердің тууы, мектептік білім беруде дифференциация мәселесінің дамуындағы жаңа кезең деп есептелді. Тұжырымдама авторлары дифференциалды оқытудың қажетті шартын халықтық білім беру жүйесінде пайда болған әлеуметтік келісілген тенденция және екі объективті, яғни, кеңестік мектепке бірыңғай талап және тұлғаның дамуына қолайлы жағдай жасауды атап көрсетті.

Авторлар дифференциалды оқытудың мақсатын үш бағытта қарастырды:

- психологиялық-педагогикалық;
- әлеуметтік;
- дидактикалық.

Психологиялық-педагогикалық көзқараспен дифференциалды оқытудың мақсаты былай анықталады: «Әрбір оқушының қабілетін және қызығушылығын дамыту, келешегін анықтау үшін қолайлы жағдай жасауға негізделген оқытудың жекешеленуі». Дидактикалық көзқараспен, авторлар дифференциалды оқытудың мақсаты: «мотивациялық, принциптік ережеге негізделген жаңа әдістемелік жүйе құру жолымен мектеп мәселесін шешу» керек деді. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін, авторлардың ойынша, оқыту процесін икемді оқу әдістемесімен қамтамасыз ету еді. В.М. Монахов, В.А. Орлов, В.В. Фирсов дифференциалды оқытудың келесі формасын ұсынады:

1. Ішкі (деңгейлік) дифференциация – барлық білім алушылардың дайындықтық міндетті базалық деңгейін меңгеруге білімді қабылдауда әртүрлі деңгейдің бөлінуі негізінде білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, ұйымдастыруда оқытудың әдісі, формасы және тәсілінің жиынтығы.

2. Сыртқы дифференциация – білім беру мазмұны және білім алушыларға ұсынылған талаптар ескерілетін, белгілі қағидалар негізінде (қызығушылық, қабілеттілік, нәтижеге жету, бейімделгіштік) тұрақты топ құру. Авторлар алғаш рет ішкі дифференциацияны оқытудың нәтижесін жоспарлауда деңгейлік дифференциация жүйесінің формасында жүзеге асыру мүмкіндігін көрсетті. Өңделген тұжырымдама оқу пәндерін оқытуда дифференциалды оқытудың әдістемелік принциптер жүйесін, оқу жоспарын қалыптастыру және білім беру мазмұнын сұрыптау принципін, қазіргі кезеңде дифференциалды оқытудың негізгі мәселесін шешуде жалпы амалды және дифференциация жүйесін мақсатты құруды анықтады. Сонымен, дифференциалды оқыту пікірін дамытудың қорытынды кезеңін мектептік білім беруді бұқарашылдандыру жағдайында дифференциалды оқытудың жүзеге асуы үшін, жаңа амалдарды анықтау кезеңі деп атап, дифференциацияның сыртқы формасын әрі қарай жетілдіру және дамытумен сипаттады. Дифференциалды оқытудың болашағы оның формаларының жаңа типологиясын жүзеге асырумен байланыстырды. Оның мәні мынада деді:

- білім алушылардың ерекшелігінің типологиясы негізінде тұрақты класс немесе топ құру;
- білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, жан-жақты дайындықты жүзеге асыру [8].

Дифференциацияның мәні — оқушыларды бөлу емес, оларды біріктіруде дер кезінде дифференциалды көмек көрсету. Тиімділігі – үйретуші білім алушылардың жұмысын бақылап қана қоймай, осы уақытта әрбір білім алушымен жекеше жұмыс жасайды. Мұнда білім алушылар үш тәртіпте жұмыс істей алады: мұғаліммен бірігіп (нәтижесі ортақ), жеке (өз бетінше) және мұғалімнің сырттай бақылауымен.

Жаңа технологиялар ішінде дифференциалды оқыту технологиясы маңызды орын алады. Осы технологияны келесі ғалымдар да зерттеген, олар: Н.П. Гузик, Ж. Қараев, Г.Ф. Еркибаевалар. Деңгейлеп оқыту идеясының авторы Н.П. Гузик сыныптағы білім алушыларды да, соған сәйкес оқу бағдарламаларын да *A*, *B*, *C* – үш деңгейге бөлуді ұсынды.

«А» бағдарламасындағы тапсырмалар базалық стандарт түрінде белгіленеді. Оларды орындай отырып білім алушы пән бойынша қайталау деңгейінде нақты материалды меңгереді. Материалды алғаш меңгеру жұмыстарының бұл деңгейінің өзіндік ерекшеліктері бар. Ол материалдың сан рет қайталануын, мағыналық топтарды бөлу, негізгі ойды табу дағдысын, есте сақтау тәсілдерін білуді, т.с.с. талап етеді.

«В» бағдарламасын орындамас бұрын «А» бағдарламасындағы тапсырмаларды әрбір білім алушы орындауға міндетті. «В» бағдарламасын қолдануға арналған есептерді орындау үшін қажет, ол білім алушылардың оқу, ой-әрекетінің арнайы тәсілдерін меңгеруін қамтамасыз етеді. Сондықтан бұл бағдарламаға бірінші деңгейдегі материалды кеңейтетін, негізгі білімді дәлелдейтін, суреттейтін, нақтылайтын ұғымның қолданылуы мен жұмыс істеуін көрсететін қосымша мәліметтер енгізіледі. Бұл деңгей мәліметтер көлемін кеңейтіп, негізгі материалды терең түсінуге көмектеседі.

«С» бағдарламасының орындалуы білім алушыларды алған білімді шығармашылықпен қолданылатын деңгейге көтереді. Бұл бағдарлама оқу жұмысы мен ой-әрекетінің тәсілдерін және деректі оқу материалын еркін игеруді көздейді. Өз білімімен мәселелер шешуде білім алушыға оның логикалық ойлауын дамытатын мәліметтер беріп, оны шығармашылықпен қолдану болашаққа жол ашады. Білім алушыға өзін қосымша жұмыста көрсетуге мүмкіндік береді.

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы 1998 оқу жылынан бастап мектептің барлық сатысына, барлық пәндерге еніп, оқу үрдісін жандандыруға үлкен үлес қосып келеді. Профессор Ж. Қараевтың деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы жаңаша өзгерген мақсатпен білім алушылардың өздігінен танып, іздену іс-әрекеттерін меңгертуді талап етеді. Бұл технологияда бірінші орында білім алушы тұрады және өз бетімен білім алудағы белсенділігіне аса назар аударылды. Педагогика

ғылымдарының докторы, профессор Ж.А. Қараевтың деңгейлеп оқыту педагогикалық технологиясының мақсаты – жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру. Саралап оқыту технологиясы, оқыту процесінің белгілі бөлігін қамтып, ұйымдастырудың шешімдері, оны оқыту құралдарының жиынтығы түрінде көрінеді. Сыныпты, топтарды оқытуға әртүрлі қолайлы жағдай туғызуды қажет етеді; әдістемелік педагогикалық-психологиялық және ұйымдастыру-басқару шаралары біріктіріледі.

Г.Ф. Еркібаеваның деңгейлеп оқыту технологиясы жоғарыда айтқан ғалымдардан басқаша. Ол оқушыларға тапсырмаларды 3 деңгейге бөліп береді:

- Бірінші топқа «4–5»-ке оқитын оқушыларды топтастырып, оларға шығармашылық деңгейдегі тапсырмалар береді.

- Екінші топқа «3–4»-ке оқитын оқушыларды топтастырып, оларға іздену түріндегі тапсырмалар дайындайды.

- Үшінші топқа «2–3»-ке оқитын оқушыларды топтастырып, оларға жалпыға ортақ тапсырмалар береді. Г.Ф. Еркібаеваның пайымдауынша, әр топтағы білім алушылар өз бағыттары бойынша ізденіп, дамып отырады.

Дифференциалды оқыту әрекеті — білім алуға бағытталған әрекет. Ол, өз бетінше, әр мұғалімнің жетекшілігімен жүзеге асады. Біз басшылыққа алып отырған деңгейлеп-саралап оқытудың жүйелік негізін Л. Выготский, А. Леонтьев, Б. Ананьев, С. Рубинштейн, тағы басқа ғалымдар жасаған. Ал бастауыш мектеп кезеңіндегі оқу әрекеті В. Давыдов, Л. Занков, Ш. Амонашвили, тағы басқалардың зерттеулерінде қарастырылады. Деңгейлеп-саралап оқытуды ұйымдастыру арқылы бала ақыл-ой деңгейімен белсенді әрекет арқасында репродуктивті емес өнімді нәтижеге жетеді.

Дифференциалды оқыту технологиясының дидактикалық, педагогикалық, психологиялық негіздемесі С. Рубинштейн, Л.С. Выготский, В.В. Давыдов, Л.В. Занков, Ю.К. Бабанский, В.П. Беспалько, В.М. Монахов, тағы басқа ғалымдардың ғылыми-теориялық идеяларына негізделіп жасалған. Ж.А. Қараевтың «деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының» негізгі идеясы оқытуды ізгілендіру мен демократияландыру жағдайында оқушыны өздігімен даму бағдарын анықтап, дамытын және өздігінен дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі тәрбиелеуші тұлға ретінде қалыптастыру болып табылады.

Педагогика ғылымының докторы Ж. Қараевтың деңгейлік оқыту жүйесі туралы іліміне сүйеніп, әр пән бойынша деңгейлік тапсырмалар дайындауға болады. Өйткені қазіргі экономикалық жағдай оқушының жаңа үрдістерін талап етуде. Сондықтан ғылыми ізденіс барысында педагогика саласында оқытудың деңгейлік жүйесі оқушыларға ғылым негізін меңгерудің негізгі тиімді жолы болып табылады. Деңгейлік оқытудың ерекшелігі – оқушылардың сабақ барысында бірнеше деңгейде жұмыс жасай алатындығында. Сонымен бірге қазіргі жаңа технологиямен оқыту барысында компьютерлер мен оларды басқарушы алгоритмдер біздің қоғамның маңызды бөлігіне айналды. Олай дейтініміз, бүгінгі күнгі жаңадан шығып жатқан электронды оқулықтар оқушыны жаңаша оқытудың жаңа оқу әдістерін, жаңа мазмұнды қажет етеді [9].

Ресей ғалымы В.П. Беспалько бұл деңгейлерді: бірінші деңгей – міндетті, оқытушылық, екінші – алгоритмдік, үшінші – эвристикалық, төртінші – шығармашылық деңгейлердегі қабылдау деп атайды. Сондықтан да оқушылардың білім, біліктілік дағдыларын жетілдіру үшін, деңгейлеп оқытудың жаңа технологиясы бойынша, сабақ түрлеріне арналған жаңа тұрпаттағы оқулықтар мен оқу құралдары қажет дейді. XX ғ. 30-жж. Америкада білім беру мен оқытуда саралау үдерісі кеңінен етек алғаны мәлім. Бұл үдеріс бүгінгі таңда қазақ мектептеріне де келіп жетті. Жалпы саралап оқыту бастауыш мектепті бітіргеннен кейін басталады. Франция мен АҚШ-та барлық жалпы білім беретін мекемелерде сыныптағы оқушыларды топқа бөлу кеңінен таралған. Кейбір пәндерді оқытуда топтарды «жылдамдар», «орташалар» және «баяулар» деп атайды.

Тағы бір зерттеуші Г.К. Селевконың айтуы бойынша, дифференциалды оқыту келесідей:

1) әртүрлі топтар үшін өз контингентінің сипаттамаларын ескеру үшін әртүрлі оқу жағдайларын жасау; 2) біртектес (біртекті) топтарда оқытуды қамтамасыз ететін әдістемелік, психологиялық, тәрбиелік және ұйымдық басқару шаралары кешенін даярлау. Дифференциацияны жүзеге асырудың шетелдік нұсқаларында бұл педагогикалық үрдіс теориялық негізде, педоцентризм идеясына сүйене құралған (К.Н. Вентзел — Ресей; Дж. Дьюи, Э. Пэрхерст, У. Килпатрик — АҚШ; С. Френет — Франция; М.Монтессори — Италия және т.б.). Мұндай жағдайларда оқу процесі өте дербестендірілген және оның мазмұны едәуір өзгертілген. Сондай-ақ бұл жағдайларда бала да мұғалім де уақытпен де, қатаң құрылған бағдарламамен де немесе жұмыс орнымен де шектелмейді.

Ал отандық педагогика тұрғысынан дифференциалды оқыту оқу үрдісін бұзуға бағытталған «қауіпті тенденция» ретінде ғана қабылданды [10].

Оқытудың бұл түрі, яғни дифференциалды оқыту, ұзақ тарихты қамтиды. Оның білім беру тәжірибесіне енуі ХХ ғасырдың басында бастау алды. Бұл үрдіс Мангейм қаласынан шыққан танымал неміс педагогы Ж.А. Зикингердің есімімен байланыстырады, сондықтан ол кейде «Мангейм жүйесі» деп те аталады. Ж.А. Зиккенгердің жобасына сәйкес сыныптардың 4 түрі құрылды:

1. Негізгі сынып — орташа қабілеттері бар балалар үшін.
2. Екінші сынып — әдетте мектеп бітірмейтін төмен сынып оқушыларына арналған сабақтар.
3. Көмекші сыныптар — ақыл-есі кем балаларға арналған.

4. Шет тілдері сабақтары немесе «өтпелі сыныптар», жалпы білім беретін мектептерде оқуын жалғастыра алатын ең қабілетті студенттер үшін. Бұл мәселеде көптеген ғалымдар білімнің, қабілеттің, дағдының және танымдық қабілеттердің үстемдігі басым болатынын алға тартады. Мысалы, Е.С. Рабунский негізінен оқушылардың маңызды үш ерекшеліктерін басшылыққа алды:

- тапсырмаларды орындау, қабылдау деңгейі;
- өзін-өзі тану деңгейі;
- оқуға қызығушылық танытудағы әрекет ету деңгейі.

Ал А.А. Бударный болса, оқушының жеке басындағы қызығушылықтарын, оқуын, эмоционалдық және еріктілік қасиеттерін ескеру керектігін атап көрсетті [11]. Ал А.Н. Конев жұмысын жүйке жүйесінің қасиеттерінің негізінде зерттеді [12]. В.М. Мерлин мен Э.А. Климовтың жазбаларында дифференциалды оқыту жүйке жүйесінің қасиеттері негізінде жеке қызмет түрін қалыптастыру мәселесі ретінде зерттелді [13].

Қорыта келе, барлық білім алушыларға жалпы және бірдей білім беру бұл білім алушылардың қабілеттерін айқындауға, олардың жеткілікті қарқынды дамуына кепілдік бермейді. Білім алушылардың қабілеттерін оңтайлы түрде қалыптастыруды қамтамасыз ету үшін олардың бейімдері мен ерекшеліктерін ескере отырып, белгілі бір шаралар жүйесін құру қажет. Осылайша, барлығын бірдей және тиімді оқыту үшін, дамытудың оңтайлы режимін қалыптастырудағы қоғамның қызығушылығы дифференциалды оқытуға алып келеді. Демек, әлеуметтік жоспардағы дифференциалды оқытудың міндеттерінің бірі — жас ұрпақтың бейімділігін және қабілеттерін анықтау және барынша арттыру.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-bashshysy-nazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2017-zhylygy-31-kantar.
- 2 Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-nazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylygy-10-kantar.
- 3 Жетписбаева Б.А. О состоянии профессионально-ориентированного обучения иностранному языку в Республике Казахстан: анализ иноязычной подготовки студентов технических специальностей / Б.А. Жетписбаева, Ж.Г. Шайхызада, Я. Таборек // Вестн. Караганд. ун-та. Сер. Педагогика. — 2017. — № 2 (86). — С. 166–173.
- 4 Авдеева Г.Ф. Информационные технологии обучения / Г.Ф. Авдеева // Менеджмент в образовании. — 2002. — С. 125–127.
- 5 Жекибаева Б.А. О статусе казахского, русского и английского языков в системе образования Республики Казахстан / Б.А. Жекибаева, Б.Д. Каирбекова, И.Е. Зобнина // Вестн. Караганд. ун-та. Сер. Педагогика. — 2018. — № 2(90). — С. 110–115.
- 6 Унт И.Э. Индивидуализация и дифференциация обучения / И.Э. Унт // Педагогика. — 1990. — С. 192.
- 7 Гончаров Н.К. Вопросы педагогики / Н.К. Гончаров // Вестн. АПН РСФСР. — 1960. — С. 374.
- 8 Монахов В.М. Дифференциация обучения в средней школе / В.М. Монахов, В.А. Орлов, В.В. Фирсов // Советская педагогика. — 1984. — № 8. — С. 42–47.
- 9 Жунисбекова Ж.А. Дифференцированное обучение учащихся / Ж.А. Жунисбекова // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. — 2015. — № 11. — С. 748–751.
- 10 Копжасарова М. Развитие идей дифференцированного обучения в теории и практике общеобразовательной школы / М. Копжасарова // Поиск. — 2001. — № 1. — С. 123–129.
- 11 Бударный А.А. Индивидуальный подход в обучении / А.А. Бударный // Советская педагогика. — 1965. — №7. — С. 68–72.

12 Конев А.Н. Дифференцированный подход к обучению младших школьников на основе их индивидуально-типологических особенностей / А.Н. Конев // Советская педагогика. — 1966. — № 5. — С. 38.

13 Мерлин В.С. Формирование индивидуального стиля деятельности в процессе обучения / В.С. Мерлин, Е.А. Климов // Советская педагогика. — 1967. — № 4. — С. 98.

М.Т. Отыншиева, Л.С. Сырымбетова, Н. Станчу

Дифференцированное обучение — программа, обучающая устранению неуспеваемости

В статье рассмотрена концепция «дифференцированное обучение» и проанализированы ее виды и формы. Авторами проведен обзор отечественной, ближнего и дальнего зарубежья научной литературы, направленной на изучение мнений и отношения к этому типу обучения. Проведен сравнительный анализ ряда исследований для изучения позиций и концепций учителей в области дифференцированного обучения. В статье также описано, как систематически проводить дифференцированное обучение, чтобы позволить учащимся выполнять различные виды работы, общаться с учителями и учениками, приобщать родителей к эффективному сотрудничеству. А также рассмотрена важнейшая задача дифференцированного обучения — предоставление дополнительного времени в соответствии с пожеланиями, совместные эксперименты, помощь в совместной работе, развитии визуального опыта.

Ключевые слова: дифференциация, дифференцированное обучение, индивидуализация, внутренняя и внешняя дифференциация, уровень, процесс обучения, способность, новые технологии.

M.T. Oтынshiyeva, L.S. Syrymbetova, N. Stanciu

Differentiated teaching is a program that teaches to eliminate academic failure

The article considers the concept of «differentiated teaching» and analyzes its types and forms. The authors conducted a review of both near and far abroad scientific literature aimed at the study of opinions and attitudes towards this type of teaching. A comparative analysis of a number of studies was carried out to study the positions and concepts of teachers in the field of differentiated teaching. The article also describes how to systematically conduct differentiated learning in order to allow students to perform various types of work, communicate with teachers and students, and involve parents in effective collaboration. It is also considered that the most important task of differentiated learning is to provide additional time in accordance with the wishes, joint experiments, assistance in working together, assistance in developing visual experience and working together.

Keywords: differentiation, differentiated teaching, individualization, internal and external differentiation, level, learning process, ability, new technologies.

References

1 Kazakhstan Respublikasynyn Prezidenti N. Nazarbaevtyн Kazakhstan khalkyna Zholdauy: «Kazakhstannyn ushinshi zhanhyruy: zhakhandyk basekehe kabiletilik» [The third modernization of Kazakhstan: global competitiveness. Message to the people of Kazakhstan]. (n.d.). *akorda.kz*. Retrieved from http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-nazarbaevtyн-kazakstan-halkyna-zholdauy-2017-zhylygy-31-kantar [in Kazakh].

2 Kazakhstan Respublikasynyn Prezidenti N. Nazarbaevtyн Kazakhstan khalkyna Zholdauy: «Tortinshi onerkasiptik revoliutsiia zhagdaiyndagy damudyn zhana mumkindikteri» [New development opportunities in the fourth industrial revolution. Message to the people of Kazakhstan]. (n.d.). *akorda.kz*. Retrieved from http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-nazarbaevtyн-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylygy-10-kantar [in Kazakh].

3 Zhetpisbayeva, B.A., Shaikhyzada, Zh.G., & Taborek, J. (2017). O sostoianii professionalno orientirovannogo obucheniia inostrannomu yazyku v Respublike Kazakhstan: analiz inoiazychnoi podgotovki studentov technicheskikh spetsialnostei [The state of professionally-oriented teaching of a foreign language in the Republic of Kazakhstan: the analysis of foreign language training of technical students]. *Vestnik Karahandinskoho universiteta. Seriya Pedagogika – Bulletin of the Karaganda University. Pedagogy series, 2*, 166 [in Russian].

4 Avdeeva, G.F. (2002). Informatsionnye tekhnologii obucheniia [Information technology training]. *Menedzhment v obrazovanii – Management in education, 4*, 125–127 [in Russian].

5 Zhekibaeva, B.A., Kairbekova, B.D., & Zobnina, I.E. (2018). O statuse kazakhskoho, russkoho i anhliiskoho yazykov v sisteme obrazovaniia Respubliki Kazakhstan [On the status of the Kazakh, Russian and English languages in the education system of

the Republic of Kazakhstan]. *Vestnik Karahandinskoho universiteta. Seriya Pedagogika – Bulletin of the Karaganda University. Pedagogy series*, 2, 110 [in Russian].

6 Unt, I.E. (1990). Individualizatsiia i differentsiatsiia obucheniia [Individualization and differentiation of teaching]. *Pedagogika – Pedagogy*, 192 [in Russian].

7 Goncharov, N.K. (1960). Voprosy pedagogiki [Pedagogy issues]. *Vestnik APNR – Bulletin of the APS of FR*, 374 [in Russian].

8 Monakhov, V.M., Orlov, V.A., & Firsov, V.V. (1984). Differentsiatsiia obucheniia v srednei shkole [Differentiation of teaching in school education]. *Sovetskaia pedagogika – Soviet pedagogy*, 8, 42–47 [in Russian].

9 Zhunisbekova, J.A. (2015). Differentsirovannoe obuchenie uchashchikhsia [Differentiated student teaching]. *Mezhdunarodnyi zhurnal prikladnykh i fundamentalnykh issledovaniy – International Journal of Applied and Basic Research*, 11, 5, 748–751 [in Russian].

10 Kopzhasarova, M. (2001). Razvitie idei differentsirovannogo obusheniia v teorii i praktike obshcheobrazovatelnoi shkoly [Development of the Ideas of Differential Education in the Theory and Practice of a Secondary School]. *Poisk – Search*, 1, 123–129 [in Russian].

11 Budarnyi, A.A. (1965). Individualnyi podkhod v obuchenii [Individual approach to learning]. *Sovetskaia pedagogika – Soviet pedagogy*, 7, 68–72 [in Russian].

12 Konev, A.N. (1966). Differentsirovannyi podkhod k obucheniiu mladshikh shkolnikov na osnove ikh individualno-tipologicheskikh osobennostei [Differentiated approach to teaching younger students on the basis of their individual typological features]. *Sovetskaia pedagogika – Soviet pedagogy*, 5, 38 [in Russian].

13 Merlin, V.S. (1967). Formirovanie individualnogo stilia deiatelnosti v protsesse obucheniia [Formation of an individual style of activity in the learning process]. *Sovetskaia pedagogika – Soviet pedagogy*, 4, 98 [in Russian].